

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттарды жүргізу және
инкассалық өкімдерді орындау мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 29 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4407. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттарды жүргізу және инкассалық өкімдерді орындау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Б а с қ а р м а с ы **Қ А У Л ы** **Е Т Е Д І:**

1. **Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 14 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. **Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында банктік есепшот ашпай ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы " 2000 жылғы 13 қазандағы N 395 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1304 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2000 жылғы 20 қараша - 3 желтоқсанда жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1711 тіркелген 2001 жылғы 16 қарашадағы N 439 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2445 тіркелген 2003 жылғы 4 шілдедегі N 204 және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 3883 тіркелген 2005 жылғы 27 тамыздағы N 95 қаулыларымен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "және Қазақстан Республикасының аумағында банктік есепшот ашпай ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақшада "және Қазақстан Республикасының аумағында банктік есепшот ашпай ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында банктік есепшот ашпай ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесінде:

4-қосымшада түбіртек (зейнетақы төлемдеріне арналған) мынадай редакцияда жазылсын:«

"	ТҮБІРТЕК (зейнетақы төлемдеріне арналған)		Резидент		Резидент емес	
	Ақша жіберуші _____		СТН _____			
	Ақша жіберушінің мекен-жайы мен телефоны _____					
	_____		Бенефициар _____		СТН _____	
	ЖБК _____					
	Бенефициардың банкі _____		ББК _____			
	Төлемнің атауы		КНП	Сомасы		
	Міндетті зейнетақы жарнасы		010			
	Еркін зейнетақы жарнасы		013			
	Өсімпұл		019			
	БАРЛЫҒЫ (сомасы жазумен):		Күні _____			
р/с код	Ақша жіберушінің	Аты-жөні (өлеуметтік жеке код алу үшін тіркеу мерзімінен кейін)	Туған күні	СТН	Кезең	Сомасы
	Көші-жолы	Аты-жөні	Мерзімінен кейін			
	Мөрдің орны (мөр болған жағдайда)					
1.						
2.						
3.						
	Күні _____					
	Ақша жіберушінің аты-жөні _____					
	Қолы _____					
	Мөрдің орны (мөр болған жағдайда)					
	ХАБАРЛАМА (зейнетақы төлемдеріне арналған)		Резидент			
			Резидент емес			

Кассир:	Ақша жіберуші _____ СТН _____							
	Ақша жіберушінің мекен-жайы мен телефоны _____							
	Бенефициар _____							
	СТН _____ ЖБК _____							
	Бенефициардың банкі _____ ББК _____							
	Төлемнің атауы	КНП	Сомасы					
	Міндетті зейнетақы жарнасы	010						
	Еркін зейнетақы жарнасы	013						
	Өсімпұл	019						
	Барлығы (жазумен сомасы): _____ Күні _____							
Ақша жіберушінің аты-жөні _____								
Қолы _____								
Мөрдiң орны (мөр болған жағдайда)								
р/с	Әлеуметтік жеке код	Аты-жөні	Аты-жөні (әлеуметтік жеке код алу үшін тіркеу карточкасында (өзгерген болса, көрсетілісін)	Туған күні	СТН	Кезең	Сомасы	
1.								
2.								
3.								
Күні _____								"
Ақша жіберушінің аты-жөні _____								
Қолы _____								
Мөрдiң орны (мөр болған жағдайда)								

4. Осы қаулы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап туындайтын қатынастарға қолданылатын 2-тармақтың жетінші және сегізінші азатжолдарын және 3-тармақтың алтыншы азатжолын және 2006 жылғы 10 шілдеден бастап туындайтын қатынастарға қолданылатын 2-тармақтың он екінші, он үшінші және жиырма бесінші азатжолдарын қоспағанда баспасөзде ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабилдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сотты

басқару комитетіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың бірлестігіне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ-на және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Төлем жүйелері департаментінен жариялауға өтінімдерді алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.М.Сартбаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы

әлеуметтік қорғау министрі

2006 жылғы 29 тамыз

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы министрі

2006 жылғы 21 тамыз

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ж о ғ а р ғ ы С о т ы н ы ң С о т ә к і м ш і л і г і

комитетінің төрағасы

2006 жылғы 31 тамыз